



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 "Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы" Жарлығын іске асыру аясында Созақ ауданының әкімі Тұрысбеков Мұхит Сексенбайұлының Жартытөбе ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2022 жылғы 22 жел-



тоқсан сағат 11.00-де Жартытөбе ауылдық клубта өтеді. Азаматтарды жеке қабылдау 2022 жылғы 22 желтоқсан сағат 12.30-да Жартытөбе ауылдық клубта өтеді.

Құмкент ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2022 жылғы 22 желтоқсан сағат 15.00-де Құмкент ауылдық мәдениет үйінде өтеді.

Азаматтарды жеке қабылдау 2022 жылғы 22 желтоқсанда сағат 16.30-да Құмкент ауылдық мәдениет үйінде өтеді.

Шолақорған ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2022 жылғы 23 желтоқсан сағат 11.00-де Шолақорған ауылдық округі әкімдігінің мәжіліс залында өтеді.

Азаматтарды жеке қабылдау 2022 жылғы 23 желтоқсан сағат 12.30-да Шолақорған ауылдық округі әкімдігінің мәжіліс залында өтеді.

Таукент кентінің тұрғындарымен кездесуі 2022 жылғы 23 желтоқсан сағат 15.00-де Таукент кентінің мәдениет үйінде өтеді.

Азаматтарды жеке қабылдау 2022 жылғы 23 желтоқсанда сағат 16.00-да Таукент кентінің мәдениет үйінде өтеді деп жоспарлануда.

Президентке Үкіметтің 2023 жылы атқаратын жұмыстарының негізгі бағыттары туралы баяндалды, деп хабарлайды Egeмен.kz.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа оның сайлауалды бағдарламасын іске асыру үшін жүргізіліп жатқан жұмыстар мен жоспарлар, Үкіметтің экономикалық саясаты, сондай-ақ инфляцияны төмендету, мұнай-газ және эне-



Президент Әлихан Смайыловты қабылдады

гетика салаларын, өңдеу өнеркәсібін, ауыл шаруашылығын, кәсіпкерлікті және экономиканың басқа да секторларын дамыту шаралары жөнінде егжей-тегжейлі ақпарат берілді.

Әлихан Смайылов 44 реттеу саласында бизнеске кедергі келтіретін 10 мыңға жуық талапты жою және қайта қарау, шағын және орта бизнестегі жұмыспен қамтылғандар санын 3,8 миллион адамға дейін арттыру, 38 мың жұмыс орнын аша отырып, құны 4,2 триллион теңге болатын 289 жаңа инвестициялық жобаны іске асыру, бірқатар ірі инфрақұрылым нысанын салу және басқа да жұмыстар-

ды атқару көзделіп отырғанын жеткізді.

Сонымен қатар Президент Үкіметтің ішкі нарықты отандық өндіріс тауарларымен қамтамасыз ету, азық-түлік тауарларының тұрақтандыру қорларының қызметін қайта жасақтау, жаңа форматтағы мектептер салу, ауылдық денсаулық сақтау нысандарын жаңғырту, азаматтарды жұмыспен қамту және басқа да жоспарларымен танысты.

Бұдан бөлек, Премьер-Министр экспортты, нақты жаалақыны және жалпы экономиканың өсімін арттыруды, сондай-ақ инфляцияны төмендетуді қамтитын республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуына қатыс-

ты алдағы жылға арналған болжамын жеткізді.

Мемлекет басшысы Үкіметке сайлауалды бағдарламаны орындау жөнінде кешенді шаралар қабылдады, сондай-ақ мемлекеттің макроэкономикалық жоспарлары мен әлеуметтік міндеттемелерін іске асыруды тапсырды.

Президент Үкіметке елімізде қолайлы инвестициялық және бизнес-ахуалды қамтамасыз ету, инфляция деңгейін төмендету, денсаулық сақтау саласындағы жағдайды жақсарту, жылыту маусымының барысын ерекше бақылауда ұстау жөнінде бірқатар міндет жүктеді.

400-ден аса мектеп салынады

Қазақстанда 2023-2025 жылдар арасында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 400-ден аса мектеп салынады. Премьер-министрдің орынбасары Алтай Көлгіновтің басшылығымен Үкіметте өткен кеңесте осы жобаны іске асыру мәселелері қаралды.

тағы мектептер салудың маңызды екенін атап өтті. Мәселен, 2023 жылы әкімдіктер Оқу-ағарту министрлігімен және және «Samruk-Kazyna Construction» АҚ ұлттық жобасының бірыңғай операторымен бірлесіп, 467 800 оқушыға арналған 221 мектеп салуға кірісуі қажет.

«Ірі қалаларда ішкі көші-қонның үлесі едәуір екенін, туу коэффициенті мен халықтың тығыздығы жоғары екенін ескере отырып, мектептерде 2,5 мың оқушыға арналған орын болуы керек. Мұндай үлкен мектептер типтік мектептермен салыстырғанда 2-3 есе көп оқушы орындарын құруға мүмкіндік береді. Бұл апатты мектептерді жою, үш ауысыммен оқытатын және тығыздалған оқыту режимі мәселелерін шешуге, білім беру сапасын едәуір арттыруға және оқыту үшін қолайлы жағдайлар жасауға мүмкіндік береді. Бұл мәселе – Мемлекет басшысының бақылауында», деді А.Көлгінов.

Вице-премьер осы жылдың соңына дейін ұлттық жобаны іске асырудың нақты мерзімдерін көрсете отырып, Жол картасын бекіту, басшылықтан жауапты тұлғаларды бекіту, оқу ордаларының қажеттіліктерін ескере отырып, жер учаскелерін рәсімдеу бойынша жұмысты аяқтау, 2023 жылдың көктемінде жаңа форматтағы мектептердің құрылысын бастау бойынша міндеттерді нақтылады.

«Егемен Қазақстан» газетінен.

2023 жылдың I жарты жылдығына баспасөзге жазылу жүріп жатыр

«Ернұр-пресс» арқылы:

Жазылымшылар -(индекс 64450) - 2400 теңге

«Қазпошта» арқылы:

-Жеке жазылушылар (индекс 64450)-2371 теңге 20 тиын

-Мекемелер үшін (индекс 19450) -3571 теңге 20 тиын

«Созақ үні» газеті редакциясы арқылы

Жеке жазылушылар үшін -2250 теңге



Кеңеске өңірлер мен қалалар әкімдерінің, Оқу-ағарту министрлігі, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің, «Samruk-Kazyna Construction» АҚ және басқа да мемлекеттік органдардың басшылары қатысты.

Ұлттық жобаны іске асыру арқасында республикада 840 мыңнан аса оқушы орны (екі ауысымда) құрылады. А.Көлгінов қажеттілік бар қалалар мен аудандарда жаңа формат-

Жаңа кітаптың тұсаукесер рәсімі өтті

Түркістан қаласының оқу ордасында салтанаты бөлек жиын өткізілді. Онда ҚР Журналистер Одағының мүшесі Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Хакім Абай» ҒЗО директоры Жабал Шойынбеттің «Түркістан–Кентау белестері; Қазақтың соңғы биі – Шойынбет» атты кітабының тұсау кесер рәсімі өтті. Аталған шараға зиялы қауым өкілдері мен университет қызметкерлері және студент жастары қатысты.

Мән-маңызы бөлек шараға университеттің әлеуметтік-мәдени даму вице-ректора Асқар Тұрғанбаев модераторлық етіп, Жабал Шойынбеттің атқарған қызметтері



кітапта жазылған құнды дүниелерді де назардан тыс қалдырмады.

«Түркістан – Кентау белес-

тері; Қазақтың соңғы биі – Шойынбет» атты кітап екі бөлімнен тұрады. Алғашқы бөлімінде, тәуелсіздікпен қатар құрылған, қазіргі түбі

бір түркі әлемінің білім ордасына айналған Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің ірге тасы қаланған уақыттан бастап, бүгінгі таңға дейінгі жетістіктері баяндалса, екінші бөлімінде шежірелі Созақтан шыққан, киелі Түркістан жеріндегі небір дауларға төрелік білдіріп, қаншама өзекті мәселелерге билік айтып, қалың елдің басынасын шешіп отырған Шойынбет би жайында жазылған.

Тағылымы мол шарада кеш иесіне оқу ордасының 30 жылдық төс белгісі тағылып, арнайы құттықтау хатпен шапан жабылды. Айта кетейік Жабал Шойынбет оқу ордамызда 1994-2008 жылдар аралығында сүбелі еңбек еткен.

Сондай-ақ қалалық әкімдік пен қалалық мәслихаттан арнайы құттықтаулар мен сый-сияпаттар табысталды. Сонымен қатар, Жабал Шойынбет дүниеге келген Созақ жерінен де арнайы құттықтау хаттар мен бағалы сыйлықтар жетті.

Осылайша жалғасқан жиында «Түркістан–Кентау белестері; Қазақтың соңғы биі – Шойынбет» атты кітаптың тұсаукесер рәсімі өтті.

Жиын соңында кеш иесі жиналған барша қауымға алғысын білдіріп, «атақ-абырой не керек, халқымызның, туған жеріміздің осындай үлкен қошеметі мен ыстық ілтипаты тұрғанда», -деп сөзін қорытындылап, оқу ордасы мен қала кітапханаларына өз кітаптарын сыйға тартты.



мен жазған еңбектерін қалың жұртшылыққа таныстырды. Сонымен қатар, «Түркістан – Кентау белестері; Қазақтың соңғы биі–Шойынбет» атты

тері; Қазақтың соңғы биі – Шойынбет» атты кітап екі бөлімнен тұрады. Алғашқы бөлімінде, тәуелсіздікпен қатар құрылған, қазіргі түбі



ЖЕЛТОҚСАН ҚАҒАРМАНДАРЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков тәуелсіздік күні қарсаңында желтоқсан қаһармандарын қабылдады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде «Тәуелсіздік күнінің бастапқы мәні сақталады. Бұл күн мемлекеттік мереке болып қала береді. Бірақ, Тәуелсіздік алуға зор үлес қосқан ұлттық батырларымызға тағзым күні ретінде атап өтілуі керек», -деп 16 желтоқсанның мән-маңызына тоқталған болатын. Бұл күн ата-бабамыздың арманы орындалып, жасампаздығымызды жаңа белеске көтерген тарихи күн болып қалады. Тәуелсіз ел болуымызға желтоқсан қаһармандарының қосқан үлесі ұшан-теңіз. Бүгінде береке мен бірлікті мұрат тұтқан еліміздің аз ғана уақытта жеткен жетістіктері орасан. Шекарамыз мығым, іргеміз берік, экономикамыз еңселі әлем мойындаған беделді елге айналдық, -деген аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы желтоқсаншыларға алғыс хат пен сый-сияпат табыс етті.

Өз кезегінде аудан басшысы тұрақтылықты, татулықпен бейбітшілікті сақтасақ, еліміз бұдаңда әрі биік белестерді бағындыратынына ерекше тоқталып өтті. Сондай-ақ, ауыл тазалығы, ауданымызда атқарылып жатқан игі істер жайында әңгімелер өрбіп, желтоқсан ардагерлері де келелі мәселелер төңірегінде пікірін білдірді.

САЛА ҮЗДІКТЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ

Аудан әкімінің орынбасары Қалдыбек Оразов жыл қорытындысымен ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына өлшеусіз үлес қосып жүрген әр саланың үздіктерін арнайы қабылдап, сый-құрмет көрсетті.



Аудан әкімінің орынбасары өз сөзінде жиынға келген қонақтарды алдымен 16 желтоқсан–Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнімен құттықтап, өзінің туып-өскен жері үшін, елі үшін еңбек еткен әр адамның еңбегі еленуі тиіс. Халық тарапынан бағасын алуы керек. Бұл біздің елдігімізді көрсететін дүние екендігіне айрықша тоқталып өтті. Сөз соңында бірқатар саланың үздіктеріне арнайы облыс әкімі мен аудан әкімінің алғыс хатын және Қазақстан Республикасы «Ауыл шаруашылығы ардагерлер Кеңесі» қоғамдық бірлестігінің «Құрметті ардагер» төсбелгісін табыс етіп, ыстық ықыласын білдірді.

Сонымен қатар, аудандық кәсіподақ ұйымының төрағасы Мыңжасар Асқаров құттықтау сөз сөйлеп, ел тарихы жайында әңгімелер өрбітіп, бұндай шара қоғамдағы тұрақтылықты, татулық пен бірлікті, Тәуелсіздігіміздің тұғырын биік ұстап, өскелең ұрпақты отансүйгіштікке баулу екенін айтып өтті. Сондай-ақ, бірқатар саланың үздіктерін «Еңбек озаты» төсбелгісі, Республикалық салалық кәсіподағының алғыс хаты және Түркістан облыстық салалық кәсіподағының Құрмет грамотасымен марапаттады.

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков тәуелсіздік күні қарсаңында аудан көлемінде өткізілетін барлық іс-шараларға белсене ат салысып, халықтың көңілінен шығып жүрген «Сырлы Созақ» ардагерлерден құралған хор ұжымын қабылдады. «Сырлы Созақ» ардагерлер хор ұжымы аудан көлемінде өткізілетін барлық іс-шараларға белсене ат салысып, халықтың көңілінен шығып жүр. Еліміздің рухани астанасы Түркістан төрінде «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің 35 жылдығына арналған аудан, қала ардагерлері арасында «Жыр жауһарлары» атты



ХОР ҰЖЫМЫМЕН КЕЗДЕСТІ

хор ұжымдарының байқауында көрермен жүрегің әсем әуенмен жаулап, жүлделі II орынды иеленіп, ауданымыздың мерейін асқақтата білдіңіздер. Сондай-ақ, қазақтың салт-дәстүрін насихаттап, кейінгі жас ұрпаққа үлгі-өнеге көрсетіп, ауданның мәдениеті мен өнеріне елеулі үлес қосып келесіздер. Алдағы уақытта да халық әндерін, қазақ композиторларының әндерін ұлттық нақышта орындап, алар асуларыңыз көп болсын, -деген аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы «Сырлы Созақ» ардагерлер хор ұжымына алғыс хат пен, сый-сияпат табыс етіп, «100 жаңа есім» кітабына енген аудандық Әжелер ұйымының төрайымы Мәруа Қайыржановаға арнайы кітапты сыйға тартты.

Қабылдау барысында аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабыл Еспенбетов «Сырлы Созақ» ардагерлер хор ұжымының бұндай жоғары орындарды ие-

леніп, облыстық байқауларға қатысып, биіктерден көрінуіне аудан әкімдігінің де қолдауы ұшан-теңіз екендігін айтып, алғысын білдірді.

Айта кетейік, «Сырлы Созақ» ардагерлер хор ұжымы 2017 жылы Ардагерлер ұйымы республикалық қоғамдық бірлестігінің 30 жылдығы құрметіне Созақ ауданы Шолаққорған ауылында құрылды. Құрамында ұзақ жылдар әр салада еңбек етіп, бүгінде бейнетінің зейнетін көріп отырған 25 ке жуық ардагер бар.

Аталған хор ұжымы 2017 жылы Ардагерлер ұйымы республикалық қоғамдық бірлестігінің 30 жылдығына орай ұйымдастырылған облыстық фестивалге қатысып, жүлделі 3-орынды иеленді. Сонымен қатар, «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің 35 жылдығына орай аудандық ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен өткен іс-шарада және аудан аралық ардагерлерінің хор ұжымдары арасында өткен

байқауда бірінші орынға ие болып, облыстық байқауға қатысуға жолдама алды.

Содан бері аудандық «Мыңжылқы» мәдениет сарайының музыка жетекшісі, облыстық, республикалық, халықаралық байқаулардың лауреаты, кәсіби вокал маманы, Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының түлегі Айдос Бағдатұлы хордың көркемдік жетекшісі болып, хор ұжымының табиғатына келетін әндер таңдап алып, дауыстардың таза шығуына кәсіби тұрғыда жұмыс жасауда.

Хордың дирижері Индира Нұрланбекқызы А.Жұбанов атындағы Созақ балалар саз мектебінің хор және сольфеджио пәнінің мұғалімі. Ардагерлермен үзбей жұмыс жасап, хордың тәртібімен, сахна мәдениетімен, сондай-ақ дауыстар үндестігімен, әннің біркелкі шығуына жұмыс жасайды.

«Созақ үні» - ақпарат.

Бүгін Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің бастамасымен және Астана мемлекеттік қызмет хабының қолдауымен ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясында «Мемлекеттік қызметтегі HR: персоналды стратегиялық басқаруға көшу» HR форумы өтті.

Іс-шараға МҚІА төрағасы Дархан Жазықбаев, Астана мемлекеттік қызмет хабы Басқарушы комитетінің төрағасы Әлихан Байменов, Түркия Республикасы Президентінің жанындағы Адами ресурстарды басқару офисінің президенті Салим Атай, Корея Республикасы Адами ресурстарды дамыту ұлттық институты Ғылыми-зерттеу орталығының бас директоры Чун Жи Юн, Әзірбайжан Республикасы Мемлекеттік емтихан орталығы төрағасының орынбасары Бахрам Халилов, сондай-ақ мемлекеттік органдар өкілдерін, HR сала-



одан әрі жетілдіру, оның ішінде HR-ды дамыту жөніндегі қадамдарын оң бағалады.

Қазақстанның және шет елдердің мемлекеттік, квазимемлекеттік және жеке секторларының жетекші сарапшылары арнайы сессиялар аясында мемлекеттік қызметшінің жаңа болмысын, HR мамандарын даярлаудың өзекті мәселелерін, тиімді HR құралдарын, адами ресурстарды басқарудағы трендтер мен сын-қатерлер, жаңа мүмкіндіктер, көшбасшылардың рөлі мен құндылықтары туралы мәселелерді ортаға салды.

Іс-шара аясында Агенттік төрағасы шетелдік сарапшылармен жұмыс кездесулерін өткізді.

Атап өту керек, форумның мақсаты – орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың басшыларын, HR саласындағы отан-

Заманауи талаптарға икемді мемлекеттік аппаратты қалыптастырудағы адами ресурстар мәселесі талқыланды

сындағы отандық және шетелдік сарапшыларды және де Орталық Азия елдерінен келген делегаттарды қамтитын 300-ден астам адам қатысты.

Агенттік төрағасы Дархан Жазықбаев өз сөзінде Қазақстанда жүргізіліп жатқан саяси реформалар аясында мемлекеттік қызмет жүйесіне жаңа талаптар жүктелгенін атап өтті.

«Мемлекет басшысы Қазақстан

халқына Жолдауында «Мемлекеттік қызмет істері агенттігі толыққанды стратегиялық HR институтына айналуы тиіс» деп атап өтті. Агенттік тарапынан мемлекеттік қызметке ЭЫҰ елдерінде кеңінен қолданылатын HR-құралдарын енгізу бойынша шаралар пысықталуда. Біз үшін HR саласындағы жаңа білімдерді жинақтау, сондай-ақ мемлекеттік қызметке білікті мамандарды тарту

өте маңызды. Ашық, әділ шешімдер қабылдай алатын, белсенді, заманауи талаптарға икемді мемлекеттік аппаратты қалыптастыруда адам капиталына ден қоюдың маңызы зор», – деді Агенттік төрағасы.

Форумға арнайы келген делегаттар мемлекеттік қызметті дамытудағы тәжірибелерімен бөлісіп, Қазақстанның халықаралық тәжірибеге бағдарланған мемлекеттік қызметті

дық және халықаралық сарапшыларды, мемлекеттік органдар мен корпоративтік сектордың персоналды басқару қызметтерінің басшыларын, персоналды басқару саласында кадрлар даярлауды жүзеге асыратын жоғары оқу орындарының басшыларын бір алаңға жинау және маңызды мәселелерді талқылау.

Мемлекеттік қызметке тестілеу 24/7 қолжетімді болады

Бұл туралы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбаев Астана қаласында өткен «Мемлекеттік қызметтегі HR: персоналды стратегиялық басқаруға көшу» HR форумында баяндады.

«Мемлекеттік қызмет істері агенттігімен мемлекеттік қызметке орналасу конкурстарының әділдігін қамтамасыз ету үшін «Е-қызмет» ақпараттық жүйесінің сыртқы порталында мемлекеттік қызметке жаңа іріктеу алгоритмі әзірленіп, конкурстық рәсімді өткізу форматы қайта қаралды. Конкурстық рәсімнің жаңа форматы үміткерлерге алдын ала белгіленген уақытта өтетін әңгімелесуден басқа барлық кезеңдерде келген уақытта және әлемнің көз келген нүктесінен конкурсқа қатысуға мүмкіндік береді», – деді Агенттік төрағасы.

Тестілеуден өту қағидаларын сақтау Президенттік жастар кадр резервіне іріктеу барысында қолданылып, тиімділігін көрсеткен – прокторинг жүйесі арқылы қамтамасыз ету көзделген.

Әзірленген іріктеу алгоритмі – заңнаманы білуге арналған 4 нормативтік құқықтық актілер бойынша тестілеуді (Конституция, Мемлекеттік қызмет және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңдары, Әдеп кодексі); қабілеттілік пен құзыреттілікті тестілеуді (IQ, EQ, SQ тестілеу); басшылық лауазымдар үшін – эссе жазуды (орындаушылық лауазымдар үшін осы талапты мемлекеттік органдар өздері белгілей алады); салалық және тәуелсіз сарапшылардан, HR мамандар, Әдеп жөніндегі уәкілдерден тұратын конкурстық комиссиямен әңгімелесуді қамтиды.

МҚІА басшысының айтуынша, іріктеудің бұл тәсілдерін 2023 жылы «Е-қызмет» ақпараттық жүйесінде пилоттық апробациядан өткізу жоспарлануда. Сонымен бірге, мемлекеттік қызметті одан әрі жетілдіру мақсатында жекелеген саяси және әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің («А» корпусы және «Б» корпусының жоғары лауазымдары саяси лауазымдарға әлеуетті кандидаттар ретінде) құзыреттілігін 2 жылда бір рет ассессмент-орталықтың көмегімен бағалау қарастырылуда. Агенттік кем дегенде 1800 адамға ассессмент өткізуді көздеп отыр.

Атап өту керек, 9 желтоқсанда Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің бастамасымен Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясында «Мемлекеттік қызметтегі HR: персоналды стратегиялық басқаруға көшу» HR форумы өтті. Форумға мемлекеттік органдардың өкілдері, HR саласындағы отандық және шетелдік сарапшылар, Түркия, Оңтүстік Корея, БАЭ, Мажарстан, Әзірбайжан және де Орталық Азия елдерінің делегаттары қатысты.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбаев «Мемлекеттік қызметтегі HR: персоналды стратегиялық басқаруға көшу» адами ресурстар форумында толыққанды адами ресурстар институтын қалыптастырудың негізгі тәсілдерін назарға ұсынды.

«Мемлекеттік аппараттың тиімділігін арттырудың келесі шарттарының бірі – персоналды стратегиялық басқаруға көшу үшін кадр қызметтерінің кәсібилігін жоғарылату. Ол көптеген дамыған елдерде кеңінен қолданылатын кадрлық қажеттілікті болжау, корпоративтік мәдениетті басқару, таланттарды басқару және т.б. стратегиялық құралдарды қолдануға мүмкіндік береді», – деді МҚІА төрағасы.

Агенттікті толыққанды HR институты етіп қалыптастыру мақсатындағы әзірленген тәсілдер – HR стратегиясын дайындау және іске асыру, мемлекеттік органдардың қызметіне функционалдық талдау жүргізу, кадр қызметтерін сертифициаттау, олардың функционалы мен жұмыс форматын өзгерту, таланттарды іздеу, мемлекеттік қызметшілердің корпоративтік мәдениеті және т.б. бағыттарын қамтиды.

МҚІА төрағасы толыққанды HR институтын қалыптастырудың негізгі тәсілдерін таныстырды

Бүгінгі күні ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясын қоса алғанда Қазақстанда 15 жоғары оқу орны HR саласы бойынша мамандар даярлайды. Соның ішінде бакалавр деңгейінде – 8, магистратура деңгейінде – 10 білім беру бағдарламалары бар.

МҚІА басшысының айтуынша, Агенттікті толыққанды стратегиялық HR институтқа айналдыру мақсатында Академияның жоғары әлеуеті ескеріліп, ол келешекте адами ресурстарды даярлау, олардың біліктілігін арттыру бойынша ғылыми-зерттеу орталығы болмақ.

«Академияда персоналды басқару қызметтерінің өкілдері үшін тиісті оқыту курстары өткізіліп, олар сертифициатталатын болады. Жоспарланған курстар болашақта HR-қызметтерін түрлендіріп, жоғары әлеуеті мен сұранысқа ие құзыреттілігі бар таланттар – HR кәсіпқойлар пұлын құруға мүмкіндік береді.

Жалпы мемлекеттік қызмет саласындағы өзгерістер адам ресурстарын тиімді пайдалану арқылы кәсіби мемлекеттік аппарат қалыптастырып, қоғамның талаптарын қанағаттандыру мен халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған», – деп атап өтті Дархан Жазықбаев.

Атап өту керек, 9 желтоқсанда Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің бастамасымен Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясында «Мемлекеттік қызметтегі HR: персоналды стратегиялық басқаруға көшу» HR форумы өтті. Форумға мемлекеттік органдардың өкілдері, HR саласындағы отандық және шетелдік сарапшылар, Түркия, Оңтүстік Корея, БАЭ, Мажарстан, Әзірбайжан және де Орталық Азия елдерінің делегаттары қатысты.

Агенттік төрағасы мемлекеттік қызметтің негізгі 6 әдептік қағидаты туралы

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің бастамасымен Астана мемлекеттік қызмет хабының қолдауымен Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясында «Мемлекеттік қызметтегі HR: персоналды стратегиялық басқаруға көшу» HR форумы өтті.

Шара барысында Дархан Жазықбаев биыл мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі жаңа редакцияда қабылданғандығына тоқталып, заман сұранысына сай 6 негізгі әдептік қағидат айқындалғанына баса назар аударды: ашықтық, әділдік, адалдық, сыпайылық, адал ниеттілік, және адамға бағдарлану.

Өз сөзінде Агенттік төрағасы мемлекеттік қызметші жұртшылықпен жұмыс істеуге дайын екенін көрсетіп, өз қызметінің ашықтығын қамтамасыз етуге, халықтың сұранысына сай қызмет көрсетуге және азаматтардың өтініштерін қарау кезінде әуре-сарсаңға жол бермеуі тиіс екенін еске салды.

Аталған қағидаттар Президенттің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын тиімді жүзеге асыруға, сондай-ақ қоғамның мемлекеттік органдарға деген сенімін нығайтуға ықпал ететін болады.

Сонымен бірге МҚІА басшысы мемлекеттік аппарат қызметінде түрлі кедергілерге жол бермеу мәселесіне тоқталып, осы бағыттағы шаралардың жүзеге асыру барысы туралы айтты.

«Президенттің сәуір айындағы «Мемлекеттік аппараттың қызметін бюрократиядан арылту жөніндегі шаралар туралы» Жарлығымен Агенттікке бюрократия көріністеріне мониторинг пен талдау жүргізу бойынша жаңа функциялар жүктелді. Қазір Агенттік мемлекеттік аппараттың жұмысындағы бюрократияны түбегейлі жою, оған жаппай төзбеушілікті орнықтыру бағытында кешенді шаралар атқаруда. Бұл шаралар мемлекеттік аппарат персоналының жұмысына оң серпін беріп, оны жаңа сипатқа көтеруге септігін тигізетін болады», – деді Дархан Жазықбаев.

ҚР МҚІА Баспасөз қызметі.



Оқитын ұлт. Оқитын Созақ. Оқитын бала

2022-Балалар жылын қортындылау аясында Созақ ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің ұйымдастыруымен Т.Әлімқұлов атындағы №14 мектеп интернат-лицейінде «Оқитын ұлт. Оқитын Созақ. Оқитын бала» атты әдеби сазды, интеллектуалды танымдық шара өтті. Шараға мектеп интернаттың балалары қамтылды.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың қолдауымен 2022 жыл «Балалар жылы» деп бекітілгені белгілі және мемлекет басшысы өз сөзінде: – Балаларға ерекше назар аудару керек. Себебі олардың амандығы – мемлекетіміздің жарқын болашағының сенімді кепілі. «Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы

ұлт» жобасы шеңберінде халықтың кітап оқу белсенділігін, мәдениет саласында көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын арттыру үшін жыл басынан бері аудандық орталық кітапхананың «Оқитын ұлт» жобасы біршама жұмыстарды қолға алып, кітапхана аясында ұйымдастырылып жүргізілуде. Жастар арасындағы оқырман белсенділігінің деңгейін арттыру, үйдегі бос уақытты тиімді пайдалану, жас ұрпақтың санасында оқу мен кітап мәдениетінің қандылығы мен маңызы туралы түсінік қалыптастыру, жастардың шығармашылық белсенділігін қолдау және ынталандыру мақсатында «Кітап-алтын қазына» - атты кітап оқу марафоны, «Кітапханаға кітап сыйла» акциясы, «Мен іздеген кітап» атты ауқымды, көп көлемде нәти-

өткізілген іс-шара балаларға арналған бейнебаянмен басталды. Мәдениет үйінің қызметкерлері ұлы тұлғаларды сомдап «Бір кітап, бір кейіпкер» атты сахналық композициясын қойды. Сонымен қатар кітапханашылар ақын-жазушылардың кітаптарына шолу жасап, көрмемен таныстырды. Балаларға арнап танымдық интеллектуалды викториналық ойындар ұйымдастырылып, жеңімпаздарға сыйлықтар берілді. Іс-шараны аудандық мәслихат депутаты, «Бақ-Нұры» іскер әйелдер бірлестігінің төрайымы, «Созақ үні» редакциясының журналисі Майусова Нұржамал қорытындылап, мектеп кітапханасы мен белсенді оқушыларға кітаптар мен бағалы сыйлықтарды сыйға тартты. Іс-шараға демеуші болған ақын Елнұр Қайрат-



мен бақытты балалық–бұл біздің жалпыхалтық міндетіміз, – деп атап өткен. Және биыл «Бір ел–бір кітап» республикалық акциясы аясында, мемлекет қайраткері, ғалым, ақын, публицист, ағартушы және реформатор Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерей тойында тұспа-тұс келіп, Ахмет Байтұрсынұлының шығармалары таңдалып алынған болатын. Осы орайда ұлттық рухани жаңғыру – ұлт болып қалыптасудағы ұлы қадам хәм мемлекетіміздің рухани дамуындағы бірден бір көрсеткіш екені белгілі. Аталған жобаның алға қойған мақсаттары ретінде, мектеп жасындағы балаларды мәдени тәрбиемен қамту, «Оқитын

желі бірнеше жұмыстар жүргізілген. Кітап – біздің рухани қандылығымыз, теңдессіз байлығымыз. Өткен замандардың тұңғыш тереңнен сыр шертетін тарихты да, әдебиетті де, басқа ғылым кереметтерін де кітапханадан табамыз. Талай оқиғалардың куәсі, талай жаңалықтың көзі – осы кітаптар. Рухани білімнің, рухани мәдениеттің ауадай қажеттілігі, маңыздылығы ешқашан мәнін жойған емес. Адам баласы сол байлықтың көзін «Кітап» деген құдіреттен тапты. Ғылым мен техника, жоғары технология дамыған ХХІ ғасырда да бәрінің бастау алар қайнар көзі-кітап. Балалар жылын қорытындылау мақсатында

ұлы, «Созақ ауданы әкімдігінің ауылшарушылық, кәсіпкерлік бөлімі», «Созақ ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі», «Созақ үні» редакциясы және «Бақ-Нұры» қоғамдық бірлестігі атынан көрермен балаларға арнап тәттілер таратылды.

Бүгінгі өскелең жас ұрпақ, елдің ертеңгі тізгінін ұстар азаматтары. Ал еліміздің болашағы жарқын, әрі кемелді болсын деп Созақ ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің балалар жылына арналған іс-шарасы өз жұмысын қорытындылады.

«Созақ үні»-ақпарат.

ЖАҢА ТҮРКІСТАН- БЛОГЕРЛАР КӨЗІМЕН!

Ғалым Макхамбетов:

Түркістан бұрынғы қала емес. Біраз өзгеріс бар. Тарихи шаһарға саяхат ерекше әсер берді. Оның үстіне Өркен Кенжебек мырзамен бірге жүру мен үшін үлкен абырой. Мен түсінбеген дүниелерді «Визит Түркістан» орталығы тереңнен қарапайым тілмен жеткізіп берді. Негізі Түркі жәртының тарихы тереңде. Оны бір постпен немесе сториспен айта салу мүмкін емес.

Тарихы терең, түркі әлемінің бесігі болған киелі Түркістанға, ұлы дала орталығына келіп, алтын ғасырдың атмосферасын сезініп, алтын адамдарды көріп, алтын костюм кисеңіз, алтын тақта отырып керемет сезімге бөленесіз! Дұрысы Түркістанға бару, көру керек.



Өркен Кенжебек:

Төрт жыл бұрын «Енді Түркістан түлесін» деп жоғарыдан бұйрық түскенде ешкім сенбеді-ау, сірә. Соның бірі алдарыңызда отыр. Яссауи кесенесінің алдындағы іркес-тіркес 250 ескі үйді сүргенінен бастап су жаңа әкімшілік ауданды салғанына дейін әр жерді бөлек жазса болады. Бастысы, Астананы салғандай арын осында сезілді ғой. Еліміздің мерейін тарту бір бөлек. Орталық Азияның иісін сезініп, аурасына бөленсек деп арнайы келер туристі де Өзбекстан, Қырғызстан бағытынан жаңылдырып, өзіме тартсам деген амбициясы бар. Соған сай Керуен сарай Түркістан




бес жұлдызды отелі, ойын-сауық орталығы, музейлер, шоу-бағдарламасын, Сандық этномейрамханасын сайлап алды. «Жақсыны көрмекке» деп, Ғалым екеуіміз арнайылап тағы келгенбіз. Сол сапардағы бейнені қабыл алыңыздар және Түркістанға баруды жоспарларыңызға түртіп қойыңыздар.

Жалпы бұл Қожа Ахмет Ясауи кесенесі дегенде, көп адам ойына бір ғана бейіт елестейді. Бұл жансақ стереотип, себебі мұнда Абылай ханнан бастап 21 ханымыз, жалпы белгілі деген 150 шақты тұлғаларымыздың денелері жерленген. Сондықтан бұл біздің алғашқы ұлттық пантеонымыз, яғни қабірстанымыз деп айтсақ болатын шығар. Одан бөлек білесіздер кесене ішінде 40-қа жуық бөлме бар: мешіт, құдықхана, асхана, мәжілісхана.

Алаштың небір азулы, дана да даңғайыр ұлдары бекерден бекер осы топырақта байыз таппаған, себебі Түркістан көшпелі қазақтың бәрібір айналып келіп табатын қазығы іспетті. Ендеше Түркістанға келу, осы жерде тарихтың түбіне терең бойлау әрбір қазаққа парыз емес пе? Айтпақшы Ұлы дала орталығына міндетті түрде келіңіздер, мұнда экспонаттар да ғажап, шоуы да керемет.

Зарина Нұржанова:

Тарихи қалаға саяхатым ертегілер еліндегідей ғажап өтті. ЖаңаТүркістанда саяхатшылардың ерекше қызығушылығын тудырып жүрген керікті орындардың бірі – «Керуен сарай» көпфункционалды туристік кешені. Кешенде Жібек жолы дәуіріндегі саудагерлер мен қолөнершілер көшесі, «хшатын театр», сәйгүліктер шоуын өткізуге арналған амфитеатр, Шығыс базары, сауда сөрелері мен бутиктер, фуд-кордтар, қонақүйлер мен мейрамханалар, СПА және фитнес-орталық, кинотеатр, отбасылық ойын-сауық орталығы бар. Бұл ретте барлық құрылымдар су арнасы арқылы байланыстырылған. Арна жағасындағы тастардан әуезді ән естіледі. Бұл «Керуен сарайға» ерекше атмосфера сыйлайды. Сондықтан «Керуен сарай» «Қазақстандағы Венеция» аталып кетті. Қазақстанның рухани орталығы. Әр келген сайын, тарихымызды еске алып, керемет сезім аламын.



Проводится конкурс по передаче в аренду земель сельскохозяйственного назначения по Созацкому району

В соответствии со статьей 48 Земельного кодекса Республики Казахстан, «Отдел земельных отношений Созацкого района» акимата Созацкого района объявляет о проведении конкурса по передаче в аренду земельных участков для ведения сельскохозяйственного производства.

Определены условия организации и проведения конкурсов по передаче в аренду земельных участков для ведения сельскохозяйственного производства.

1. Дата и место проведения конкурса: 10 февраля 2023 года, 10-00 часов село Шолақорғана, улица Жібек жолы дом №16, здание аппарата акима Созацкого района, второй этаж, малый зал. Дополнительную информацию можно получить по телефону 8(72546) 4-27-69.

2. Дата и место приема заявок на конкурс (прием документов) принимается: с 20 января 2023 года до 10 февраля 2023 года (заканчивается 09.02.2023 год 18-00 часов) село Шолақорғана, улица Жібек жолы дом №40, Государственное учреждение «Отдел земельных отношений Созацкого района» акимата Созацкого района.

3. Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать:

1) для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан – наименование юридического лица, его место нахождения, сведения о государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителе и участниках или акционерах заявителя – юридического лица с указанием размера их доли в уставном капитале (от общего размера уставного капитала), сведения об аффилированных лицах заявителя;

2) для физических лиц – фамилию, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) заявителя, место жительства, гражданство, индивидуальный идентификационный номер, сведения о документе, удостоверяющем личность заявителя;

3) местоположение земельного участка, на который претендует заявитель;

4) конкурсное предложение;

5) обязательства по заключению договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания указанного договора в случае признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования

(аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявку на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства могут представлять уполномоченные представители физического лица или негосударственного юридического лица Республики Казахстан на основании доверенности, выданной и оформленной в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

3. Конкурсное предложение должно содержать:

1) бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агро технологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

2) обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;

3) обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно обоснованных агро технологий, фитосанитарных и карантинных требований.

4. Конкурсное предложение представляется участником конкурса в закрытом конверте, отпечатанном или написанном несмываемыми чернилами в прошитом виде с пронумерованными страницами, где последняя страница заверяется: подписью участника – для физических лиц (или доверенного лица) и подписью первого руководителя (или доверенного лица) и печатью (при ее наличии) – для юридических лиц, за исключением случаев его подачи посредством веб-портала "электронного правительства".

В заявке и на конкурсном предложении не должно быть никаких вставок между строчками, подтирок или приписок, за исключением тех случаев, когда участнику необходимо исправить грамматические или арифметические ошибки.

В закрытом конверте конкурсного предложения указывается надпись "Конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства" и "Не вскрывать до 10.02.2023 года до 10-00 часов". (указывается точная дата).

Заявка на участие в конкурсе, не соответствующая требованиям пункта 9 статьи 43-1 Земельного кодекса, подлежит отклонению.

Дата принятия заключение конкурсной комиссии 10.02.2023 года.

Созац ауданы бойынша ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді жалға беру конкурсы өткізіледі

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 48 бабына сәйкес, Созац ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі жер учаскелерін ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін жалға беру конкурсын өткізетінін хабарлайды.

Жер учаскелерін ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін жалға беру конкурстарын ұйымдастырудың және өткізудің шарттары мен талаптары.

1. Конкурс өткізілетін күні және орны: 2023 жылы 10 ақпан сағ 10- де. Созац ауданы, Жібек жолы көшесі №16 үй, аудан әкімі аппараты ғимараты, екінші қабат, кіші залында өтеді. Қосымша ақпаратты 8(72546) 4-27-69 телефоны арқылы білуге болады.

Конкурсқа өтінімдері беру (құжаттарды қабылдау) күні және орны: 2023 жылдың 20 қаңтарынан – 10 ақпанға дейін (09.02.2023 жыл сағ: 1800 - де аяқталады). Созац ауданы, Шолақорған ауылы, Жібек жолы көшесі № 40 үй. «Аудан әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

2. Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тіркелу жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсынысы;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учас-

кесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасау жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

4. Конкурстық ұсыныста:

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылық ішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртарапандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

5. Конкурстық ұсынысты, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері немірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертке ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрмен (бар болса) куәландырылады.

Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде "Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс" және 10.02.2023 жылғы сағ 10:00-ге дейін ашуға болмайды" (ашудың нақты күні көрсетілген) деген сөздер жазылады.

Жер кодексінің 43-1-бабы 9-тармағының талаптарына сәйкес келмейтін конкурсқа қатысуға арналған өтінімнен бас тартылады.

Конкурстық комиссияның қорытындысы қабылданатын күні 10.02.2023 жыл.

Қазақстан Республикасының «Жер кодексінің» 43-1-бабына сәйкес Түркістан облысы, Созац ауданы әкімдігі ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін жер учаскелерін жалға беру жөніндегі конкурс жариялайды.

Конкурс арқылы жалға берілетін жер учаскелерінің ТІЗБЕСІ

Жер учаскесінің Лот №	Жер учаскесінің қысқаша сипаттамасы	Көлемі, (га)	Ауыл округі	Топырақтың сапалық сипаттамасы	Бонитет балы	Өңірдің ауыл шаруашылығына мамандануы	Жалға беру мерзімі, жыл
1	Жайылым	1500	Шу	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді сортаң орташа сазды	7,0	мал шаруашылығы	49
2	Жайылым	500	Тасты	Сұр-қоңыр шалғынды-шөлді сортаң орташа сазды	7,0	мал шаруашылығы	49
3	Жайылым	1100	Тасты	Сұр-қоңыр шалғынды-шөлді сортаң орташа сазды	7,0	мал шаруашылығы	49
4	Жайылым	1200	Тасты	Сұр-қоңыр шалғынды-шөлді сортаң орташа сазды	7,0	мал шаруашылығы	49
5	Жайылым	1200	Тасты	Сұр-қоңыр шалғынды-шөлді сортаң орташа сазды	7,0	мал шаруашылығы	49
6	Жайылым	2000	Жуантөбе	Сұр-қоңыр шалғынды-шөлді сортаң орташа сазды	7,0	мал шаруашылығы	49
7	Жайылым	2000	Жуантөбе	Сұр-қоңыр шалғынды-шөлді сортаң орташа сазды	6,0	мал шаруашылығы	49
8	Егістік	5	Жуантөбе	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді сортаң орташа сазды	7,0	мал шаруашылығы	49
9	Жайылым	91	Жуантөбе	Сұр-қоңыр шалғынды-шөлді сортаң орташа сазды	7,0	мал шаруашылығы	49
10	Жайылым	2500	Жуантөбе	Сұр-қоңыр шалғынды-шөлді сортаң орташа сазды	7,0	мал шаруашылығы	49
11	Жайылым	2200	Қарақұр	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	7,0	мал шаруашылығы	49
12	Жайылым	500	Қарақұр	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	6,0	мал шаруашылығы	49
13	Жайылым	2000	Қарақұр	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	7,0	мал шаруашылығы	49
14	Жайылым	1000	Қарақұр	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	9,0	мал шаруашылығы	49
15	Жайылым	2000	Созац	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	7,0	мал шаруашылығы	49
16	Егістік	8,4	Созац	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	53,0	мал шаруашылығы	49
17	Жайылым	345	Созац	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	9,0	мал шаруашылығы	49
18	Жайылым	765	Созац	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	7,0	мал шаруашылығы	49
19	Жайылым	298	Созац	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	6,0	мал шаруашылығы	49
20	Жайылым	1000	Созац	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	4,0	мал шаруашылығы	49
21	Жайылым	717	Созац	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	4,0	мал шаруашылығы	49
22	Егістік	3	Созац	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	33,0	мал шаруашылығы	49
23	Егістік	6,7	Созац	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	25,0	мал шаруашылығы	49
24	Жайылым	183	Созац	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	4,0	мал шаруашылығы	49
25	Егістік	12	Созац	Шөлді сортаңды сұр-қоңыр ашық сазды топырақ	21,0	мал шаруашылығы	49
26	Жайылым	885	Созац	Солтүстік сұр, орташа сазды топырақ	8,0	мал шаруашылығы	49
27	Жайылым	1690	Созац	Солтүстік сұр, орташа сазды топырақ	8,0	мал шаруашылығы	49
28	Шабандық	11,9	Сызған	Жеңіл солтүстік дамымаған орташа тасты-қиыршықты	22,0	мал шаруашылығы	49
29	Жайылым	173	Сызған	Жеңіл солтүстік дамымаған орташа тасты-қиыршықты	10,0	мал шаруашылығы	49
30	Жайылым	860	Сызған	Жеңіл солтүстік дамымаған орташа тасты-қиыршықты	10,0	мал шаруашылығы	49
31	Жайылым	175,8	Сызған	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	7,0	мал шаруашылығы	49
32	Жайылым	500	Сызған	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	10,0	мал шаруашылығы	49
33	Жайылым	200	Шолақорған	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	9,0	мал шаруашылығы	49
34	Жайылым	120	Шолақорған	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	9,0	мал шаруашылығы	49
35	Жайылым	200	Шолақорған	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	7,0	мал шаруашылығы	49
36	Суармалы	30	Шолақорған	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	8,0	мал шаруашылығы	49
37	Суармалы	18,6	Шолақорған	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	15,0	мал шаруашылығы	49
38	Жайылым	120	Шолақорған	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	9,0	мал шаруашылығы	49
39	Жайылым	50	Шолақорған	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	10,0	мал шаруашылығы	49
40	Жайылым	80	Шолақорған	Сұр-қоңыр сортаң аздап қиыршық тасты	4,0	мал шаруашылығы	49
41	Суармалы егістік	19	Шолақорған	Сұр-қоңыр сортаң аздап қиыршық тасты	19,0	мал шаруашылығы	49
42	Суармалы егістік	100	Құмкент	Сұр-қоңыр сортаң аздап қиыршық тасты	18,0	мал шаруашылығы	49
43	Жайылым	533	Құмкент	Сұр-қоңыр сортаң аздап қиыршық тасты	11,0	мал шаруашылығы	49
44	Суармалы егістік	3	Құмкент	Жеңіл солтүстік дамымаған орташа тасты-қиыршықты	42,0	мал шаруашылығы	49
45	Жайылым	755	Құмкент	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	7,0	мал шаруашылығы	49
46	Суармалы егістік	10	Жартытебе	Сұр-қоңыр сортаң аздап қиыршық тасты	42,0	мал шаруашылығы	49
47	Жайылым	970	Жартытебе	Сұр-қоңыр сортаң аздап қиыршық тасты	9,0	мал шаруашылығы	49
48	Жайылым	300	Жартытебе	Сұр-қоңыр сортаң аздап қиыршық тасты	14,0	мал шаруашылығы	49
49	Жайылым	300	Жартытебе	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	10,0	мал шаруашылығы	49
50	Жайылым	320	Жартытебе	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	7,0	мал шаруашылығы	49
51	Жайылым	260	Жартытебе	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	8,0	мал шаруашылығы	49
52	Жайылым	104	Жартытебе	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	17,0	мал шаруашылығы	49
53	Жайылым	253	Жартытебе	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	7,0	мал шаруашылығы	49
54	Жайылым	2000	Қаратау	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	5,0	мал шаруашылығы	49

Жайылым 33947,8 га, суармалы егістік 227,6 га : Барлығы 34175,4 га

Қазақстан Республикасының «Жер кодексінің» 43-1 бабының 6-тармағына сәйкес, ауданның, облыстың маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты өткізу туралы хабарлама тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында таралатын мерзімді баспасөз басылымдарында және жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында алғаш рет жарияланған күннен бастап күнтізбелік отыз күн өткен соң, ал конкурс қайта өткізілген жағдайда, күнтізбелік он бес күн өткен соң бастайды. Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді қабылдау және тіркеу-өтінімдерді қабылдау басталған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде, ал конкурс қайта өткізілген жағдайда, он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Аудан әкімдігінің Жер қатынастар бөлімі.

«Созақ ауданы әкімдігінің жер қатынастары» мемлекеттік мекемесі 2022 жылдың 30 желтоқсан күні сағат 10-00 ден 11-00 аралығында <https://e-auction.gosreestr.kz/> веб порталы арқылы сауда-саттықтың Жер учаскелерін немесе жер учаскелерін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттық (аукциондарды) мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында электрондық түрде жер учаскелерінің меншік құқығын сату аукционын өткізеді

Сауда-саттықтың ағылшын тәсілі бойынша аукцион өткізу шарттары.
Ұйымдастырушы объектіні бастапқы бағасы мен бағаның ұлғаю қадамын хабарлайды. Аукционға қатысушылар жарияланған қадам бойынша бағаны көтереді. Объект бойынша сауда-саттық объектінің ең жоғарғы ұсынылған бағасына дейін жүргізіледі. Егер объект бойынша сауда-саттық қатысушылардың саны екіден кем болмаса, сауда-саттық өткізілді деп есептеледі.

Жер учаскелерін сату шарттары: нысаналы мақсатына сәйкес пайдалану, игеру шартын жасау, объектісін жобалау үшін сәулеттік жайғастыру тапсырмасын алу, сервитуттар беру, жер төлемін уақытылы енгізу.

Ауыртпалықтар (шектеулер): инженерлік коммуникациялардың қорғау аймағын сақтау және оларды жөндеу және қызмет көрсету үшін кедергісіз кіру мүмкіндігін беру.

Қосымша шарттар: құжаттардың бастапқы пакетін рәсімдеу бойынша шығын сомасын сатып алушымен өтеуге жатады.

Сауда-саттықта анықталған учаскенің құны: 15 (он бес) %-ын құрайды, бірақ 50 (елу) айлық есептік көрсеткіштен кем болмайды және 30 (отыз) МРП АЕК-ден аспайды.

Өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі: Аукционға қатысушыларды тіркеу хабарлама жарияланған күннен бастап жүргізіледі және аукцион басталғанға дейін 20 минут бұрын аяқталады. Өтінімдерді қабылдау және тіркеу мерзімі аяқталғаннан кейін түскен өтінімдер қабылданбайды.

Аукционға қатысушы ретінде тіркелген үшін: аукционға қатысуға өтініш, тұлғасын куәландыратын құжат, кепілдік жарна енгізілгенін растайтын төлем құжатының көшірмесі, өкілдің өкілеттігін куәландыратын құжат ұсынылуы қажет. Заңды тұлғалар қосымша нотариалды расталған Жарғының және заңды тұлғаны тіркеу туралы куәліктің көшірмелерін ұсынады. Төлемнің бастапқы бағасының нысаны мен шарттары:

Бір кепілдік жарна бір жер учаскесін сатып алуға құқық береді.

Аванстық төлем сатып алу-сату шартына қол қойылған күннен бастап бес банктік күннен кешіктірілмей мерзімде аукцион барысында белгіленген бағаның 15 (он бес) %-ын құрайды, бірақ 50 (елу) айлық есептік көрсеткіштен кем болмайды. Кепілдік жарна тиісті аванстық төлем есебіне алынады;

Кепілдік жарна n веб порталында (IBAN/ИИК) в АО «Народный банк Казахстана»: KZ946017111000000330; БИК:HSBKKZKX; КНП:171; Кбе: 16.

Жібек жолы көшесі №40 үй «Созақ ауданы әкімдігінің Жер қатынастары бөлімі»

Анықтама үшін телефоны: 8/72546/ 4-27-69; 8778-497-17-21

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 15 қазандағы №290 бұйрығы, Созақ ауданы аумағынан сауда-саттыққа (аукционға) түсетін жер учаскелерінің тізімі

№	Орналасқан жері	Нысаналы мақсаты	Көлемі, га	Құқық түрі	Аукционды өткізу тәсілі	Жер телімінің бастапқы (төменгі) бағасы теңге	Аукцион өтетін уақыты	Кепілдік жарна бастапқы соманың 15% бірақ 30 АЕК төмен болмауы керек
1	Созақ ауданы, Сызған ауылдық округі, Қозмолдақ елді мекені	Дүкен құрылысы үшін	150 ш/м	жекеменшік	Электрондық түрде	18 450	11-00	153 150
2	Созақ ауданы, Сызған ауылдық округі, Қозмолдақ елді мекені	Шаштаразы құрылысы үшін	36 ш/м	жекеменшік	Электрондық түрде	4428	10-00	153 150
3	Созақ ауданы, Сызған ауылдық округі, Е.Алдасүгірұлы көшесі n/з	Кеңсе тауарлар дүкенінің құрылысы үшін	540 ш/м	жекеменшік	Электрондық түрде	66 420	10-30	153 150

Аудан әкімдігінің Жер қатынастар бөлімі.

Балаларға тәтті таңдағанда нені білу керек?

Жаңа жылдық мерекелер қарсаңында әр ата-ана баласын сыйлықтармен қуантқысы келеді және сауда объектілерінде ұсынылған тәтті жиынтықтар ерекше сұранысқа ие. Мұндай сыйлықты таңдағанда, тәттілердің сапасы мен қауіпсіздігі туралы ұмытпаңыз. Негізгі бұзушылықтар таңбалаудың сәйкессіздігіне (өндіруші, құрамы, өткізу мерзімі туралы ақпараттың болмауы) келеді, сондай-ақ жарамдылық мерзімі өткен кондитерлік бұйымдарды өткізу фактілері бар.

Мерекені жағымсыз жағдаймен бұзып алмау үшін, тәттілері бар сөмкені таңдағанда, тұтынушы негізгі ережелерді сақтау керек. Сыйлықты сатып алу алдында қаптаманың бүтіндігіне, жеткілікті сақтау мерзіміне, сондай-ақ өнімнің нарықтағы айналымының бірыңғай белгісіне (ЕАС) көз жеткізіңіз. Оның болуы өнімнің Еуразиялық экономикалық одақтың қауіпсіздік талаптарына сәйкес дайындалғанын білдіреді.

Кондитерлік өнімдер құрамында тағамдық қоспалар, консерванттар, гомогенделген майлар, оның ішінде пальма майы, синтетикалық

бояғыштар, консерванттар (E202, E200, E249, E210) жоқ жиынтықтарды таңдауға басымдылық берген жөн. Балаларға қауіпсіз және пайдалы толтырғыштары бар тәттілерді-мармелад, суфле қосылған желе кәмпиттері, пастила, зефир, печенье (бисквитті, галета) беріңіз. Егер сыйлықтың ішінде ойыншық болса, онда ол туралы ақпарат қаптамда міндетті түрде көрсетілуі керек. Бұл жағдайларда жас шектеулері мен қауіпсіздік техникасы туралы есте ұстаған жөн. Ойыншықта жағымсыз иісі болмауы тиіс және тым ашық түсті, баланың жарақат алуы мүмкін өткір шығыңқы бөліктері жоқ материалдардан жасалуы керек.

Созақ ауданының СЭБ басқармасы шығу орны белгісіз, бекітілмеген сауда орындарында сыйлықтар алмауға шақырады. Кондитерлік өнімдер үшін бұл сәйкестік туралы декларация.Егер сатып алу кезінде өнімнің сапасына күмән туындаса, сатушылардан өнімнің сәйкестік сертификатын талап етіңіз.

Х.ОСПАНОВ,
Созақ аудандық СЭББ басшысы.

Қышыма қотыр (лат. scabies) –микроскопиялық паразиттен болатын, жұқпалы тері ауруы-қышымалы қотыр құрты. Аурудың негізгі белгілері қышыну және папуловезикулездық бөртпе, көбінесе қасыну қайталануда іріңді жұқпалық элементтер болады. «Қышыма қотыр» атауы бір түбірлі «қышыну» етістігінен алынған сөз.

Қышыма аурушандығы күз-

қышыма қотыр кезеңінде, бөлшектеуде әлеуметтік топтағы ересектер алады. Мектеп және мектепке дейінгі жастар арасында студенттер көбірек ауырады. Бұл жағдайды сексуалдық белсенділікпен және ауру қоздырғышына қарсы иммунитеттің әр жастағы топта әртүрлі дамушылықпен түсіндіруге болады.

Таралу жолдары:

Қышыма қотырды жұқтыру

кезінде кешкі уақытта асқын-дайтын тері қышынуы клиникалық симптом болып табылады. Теріде эритематоздық папуловезикулездық бөртпе іріңді элементтер мен полиморфтық ұсақ қабыршақты бөртпелер қаптайды. Қышыма қотыр диагнозы зертханалық әдіспен сынамалар мәліметімен, эпидемиологиялық мәліметтермен, клиника-

Қышыма қотыр. Оның алдын алу жолдары

қыс маусымдарында жиі болады. Маусымдық аурушандық қоздырғыш құршалардың биологиялық ерекшеліктерімен түсіндіріледі, өйткені, қыркүйек-желтоқсан айларында көбейеді, салқын жағдайларда қоршаған ортада қышыманың жақсы сақталуына әсер етеді. Сонымен қатар, суық ауа адамның тершеңдігін бәсеңдетіп, тоңазуға әкеледі (термен бірге микробтарға қарсы пептидтер бөлінеді, себебі қышыма құршаларының сезімталдығына әсер етеді).

Көбінесе өмірде қышыма қотырмен балалар жиі ауырады, өйткені, олардың иммунитеттері қоздырушысы бәсең әлсіз болғандықтан аурумен жұғысу кезінде белсенділік алады. Екінші орында дәстүрлі мектеп жасы, үшіншіде-мектепке дейінгі жас, төртіншіде – ересектер.

әрине тері мен терінің жұғысуының ұзақ мерзімділігімен болады. Жыныстық қатынас кезінде таралу үстемшілікте. Балалар ауру ата-анамен бір төсекте бірге ұйықтағанда жұқтырады. Топтасқан ұжымдарда және басқа да терінің тура жұғысуынан (спорттық жұғысу, балаларды тасымалдау, жиі және қатты қол қысысу және т.б.) болады. Қышыма қотыр құршалары күндіз белсенді емес; ұрғашылары терінің бетіне кешке және түнде көтеріледі.

-құртшаларға адам терісіне жету үшін 30 мин ғана уақыт керек;

-қоршаған ортада жылы және құрғақта құртша (21С кезінде және 40-80 % ылғалдылықта 24-36 сағатта паразит тез өледі) тез өледі, белсенділігін жояды.

Клиника: Қышыма қотыр

лық анықтаулар негізінде қойылады.

Алдыналу: Қайталай жұқтырмау үшін жұқтыру кезіндегі тұлғалар толығымен емделуге тиіс. Құршаларға қарсы қолданылатын препараттармен барлық жұқтырушылар тері қабатын өңдеуден өткізеді. Емдеу аяқталған соң науқастың қолданған киім-кешектері мен заттары (арнайы спрейлер, ыстық сумен жуу) өңдеуден өткізіледі. Матрацтарды, жұмсақ жиһаздар және клемдер; төсек жаймалары мен ішкі киімдер ыстық сумен жуған дұрыс.

А.УТЕПОВ,
Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының эпидемиологиялық бақылау және қадағалау бөлімінің бас маманы.

Қауіпсіздік шарасын сақтайық!

Электр жүйелерін тексеріңіздер, жарамсыз ба, әлде жарамсыз болса электр жүйесін жақсы білетін адамды шақыруларыңыз керек. Өздеріңіз ешқандай өндіріс қорғау жұмыстарын жасамаңыздар. Әрқашан электр құралдарымен қолданып болған соң, өшіруді ұмытпаңыздар! Естеріңізде сақтаңыздар теледидар тез лаулап жанатын перделер мен перде ілгіш гардиндердің қасында және үй жылытатын құралдардың қасында тұрмауы керек. Қабырға жиһаздарына теледидар, радиосөйлегіштер орнатып қоймаңыздар, бұл өте қауіпті. Теледидардың үстін жаппаңыздар, корпусының вентиляциясына қауіп төндіреді. Қосулы тұрған теледидарды қараусыз қалдырмаңыздар, көрмесеніңдер тоқтан шығарып қойыңыздар. Егер теледидар күйген болса, өшіріп, сулы матамен жауып қойыңыздар.

Ал, күнделікті тұрмыстық құралдарға (үтік, электржылытқыш) келсек, естеріңізде сақтаңыздар: олар үзіліс сақтап жұмыс жасау керек. Құрметті мырзалар! Өздеріңіздің үйлеріңіздің электр жүйелерін, пештерін, шатырларын, үй асты подвалдарын – тағы да бір рет тексеріп шығыңыздар. Дұрыс электр құрылымдарымен қолданыңыздар. Дер кезінде істелінген шаралар сіздердің денсаулықтарыңызды және тыныштықтарыңызды сақтайды. Аз қабатты тұрғын үйлерге демелу орындарды, ауыл аймақтарда, селоларда са-

лынған бір-екі қабатты үйлер жатады. Бұл үйлер әртүрлі конструкциялы болады. Кірпіштен, темірбетоннан салынған үйлерде өрт шығу қауіпі аздау. Ал ағаш үйлерде өрт шығу қауіпі жоғары. Мұндай үйлерде жасырын өрт болмайды. Каркасты үйлер өртті үдетуге жағдайы жоғары. Өйткені құрылыс конструкцияларында бос орындар бар. Бос орындар өртену көлемін үлкейтеді. Аз қабатты үйлер әдетте шатырмен болады. Шатырдың конструкциялары ағаштан жасалады. Сондықтан шатырды өртенбейтін материалдардан жасау тиімді. Аз қабатты үйлердің көбі пеш арқылы жылынады. Статистикалық мәліметі бойынша әр оныншы өрт аула құрылыстарының немесе немесе тұрғын үйдің пештері, түтін шығу жолдары дұрыс істелмеуден болады. Немесе пештің дұрыс жасалмауынан, пайдалануынан болады. Аз қабатты үйлердің ерекшелігі аула құрылыстары. Бұл құрылыстарда неғұрлым өртенетін заттар пайдаланса, соғұрлым өрт қауіпі жоғары болады. Оның үстіне соңғы кезде жылу температурасы жоғары каминдер, моншалар салына бастады. Осы жайлардың бәрі өрт қауіпін күшейтеді. Егерде тұрғын үйлерде су арқылы жылыту жүйесі өткізілсе, өрт қауіпі азаяды.

С.СЕЙДАХМЕТОВ,
Созақ ауданындағы № 11 ӨСБ-нің бастық орынбасары азаматтық қорғау аға лейтенанты.

Мұздағы қауіпсіздік

Күн суытып, мұз қату мерзімі келді. Балалар коньки киіп, бірер сағат мұзға шығуға шыдамсыздық танытады. Бірақ тоған, өзен, көл бетіне шығуға асығуға болмайды. Бірінші мұз өте қауіпті. Біздің ауданымызда желтоқсан-қаңтар айларында мұз қата бастайды. Мұз бұл кезде жұқа, ауырды көтере алмайды, абайла-масақ бұл қайғылы жағдайға әкеліп соғады.

Есте сақтаңыздар! Балаларда тәжірибе жоқ, қауіпсіздік шараларын білмейді, өйткені әуестік сезімінен қауіпсіздік сезімі төмен, мұз үстіндегі ережені толық білмейді, сол себептен тез қайғыға ұшырайды, кейде өмірімен қоштасады.

Тыйым салынады:

-Қалыңдағы 7 сантиметрден жұқа болса, мұз үстіне шығуға;
-дұрыс қатпаған, бетін жар басып қалған мұз үстінде сырғанауға және топталып тұруға;
-мұз үстіндегі білмейтін жерлерге жаға-жайдағы жардан сырғанып түсуге;

-тез су ағымы бар жерлерде, бұлақты жерлерде ойнауға;
-мұз үстінен қауіпсіздік белгілері жоқ жерден өтуге;
-мұздың қалыңдағы 25 см-ден аспайтын болса, мұз айдынын жасауға;

-егер де тәулік бойы ауаның температурасы құбылып тұрса, мұз үстіне шығуға, әсіресе түнгі уақыттарда.

Қайғылы оқиға болдырмау үшін, балаларға қамқорлық білдіріңіздер! Балалардың өмірін сақтаныңыздар! Тек мұз үстінде болудың ережесін сақтап қана, қайғылы жағдайдан сақтануға болады.

Б.ӘЛИЕВ,
Созақ ауданындағы № 11 ӨСБ-нің бастығы азаматтық қорғау майоры.

Жарамсыз деп танылсын

Абуов Сәлім Амирбекұлының атына берілген трактор жүргізуге арналған куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Созақ ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімі мен білім қызметкерлерінің аудандық кәсіподағы ұжымы және Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебінің ұжымы осы мектептің мұғалімі Ермекбаева Перизатқа сіңілісі

Ермекбаева Несібелді Секенқызының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Созақ ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімі мен білім қызметкерлерінің аудандық кәсіподағы ұжымы және Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебінің ұжымы осы мектептің кітапханашысы Қалдарбекова Айгүлге інісі

Қалдарбеков Мараттың қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Уранқуат» ЖШС Таукент филиалы Созақ ауданы «Уранқуат» ЖШС Таукент филиалымен қамту және сарқынды суды бұру қызметтеріне тариф бағаларын жариялайды 2023 жыл 01 қаңтардан бастап

Негіздеме: ҚР Ұлттық экономика Министрлігі табиғи монополияларды реттеу комитетінің «2023 жылға қуаты аз табиғи монополия субъектісінің тарифін индекстеу деңгейін айқындау туралы» 03.11.2022 жылғы №185-ОД санды бұйрығы, «Уранқуат» ЖШС Таукент филиалының «Сумен қамту қызметінің тарифін бекіту туралы» 30.11.2022 жылғы №170 санды бұйрығы және «Сарқынды суды бұру қызметінің тарифін бекіту туралы» 30.11.2022 жылғы №171 санды бұйрығы.

№	Қызмет түрі	Өлшем бірлігі	Тарифі, теңге ҚҚС-сыз	Ақы мөлшері, теңге ҚҚС-мен
1.	Сумен қамту қызметі	теңге/м3	854,99	957,59
2.	Сарқынды суды бұру қызметі	теңге/м3	331,61	371,40

Сыбайлас жемқорлық қоғам дерті

Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселенің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсеке-лестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Сондықтан да Қазақстан Респуб-

ликасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып табылады. Ел Президентінің қай Жолдауын алсақ та осы мәселе күн тәртібінен түскен емес. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық паракорлық дертімен жиі бетпест келеді. Сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке қарау

мүмкін емес. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Адамды бала кезінен қазақстандық патриотизм мен сыбайлас жемқорлықты қабылдамау рухында тәрбиелеу керек.

Арман ЕДЕНБАЕВ,
Аудандық кірістер басқармасы салықтық бақылау және өндіріп алу бөлімінің басшысы.

Тұрмыстағы өрт қауіпсіздігі

Электр жарығынан және тұрмыстық электр жылытқыш ондырғылардан болатын өрттердің алдын алу. Электрден болатын өрттердің негізгі себебі - ол қысқа тұйықталу, желінің шамадан тыс жүктелуі. Осындай болмау үшін электр сымдарын жөн жағдайда ұстау керек, ал қысқа тұйықталудан және желінің торда шамадан тыс жүктелуінен (бірнеше электрқондырғыларды бірден қосу) болатын өрттердің алдын алу үшін тарату қалқаншада міндетті түрде заводта жасалған сақтандырғыштар болу қажет. Егер электр желісіне жуан сымнан қолдан жасалған сақтандырғышты («жучок») қосса, онда қысқа тұйықталу кезінде ол ерімейді. Олай болса, «қорғанысы» істемейді және желі тоқтың астында қалады. Осындай жағдайда сымдар ерігенше қызады, оқшаулауы тұтанады, от айналадағы жанғыш заттарға таралып, өрт басталады. Сондықтан ерқашанда тек заводта жасалған сақтандырғыштарды қолдану қажет. Қысқа тұйықталу электрсымда да болу мүмкін. Сондықтан ол жөн жағдайда болу керек. Өрт электр шамынан да болу мүмкін, оның вольфрам сымы қызған кезде көп жылу шығарады. Өрт болмау үшін электршамдар қағаз және мата абажурларға тимеу қажет. Өрттер заводта жасалған тұрмыстық электрқондырғыларынан да жиі болады. Егер электр желісіне бірнеше осындай қон-

дырғыларды бірден қосса, онда ол электрсымдарының шамадан тыс жүктелуіне және қызуына мүмкіндік береді. Оқшаулау тұтанып, от сым арқылы әртүрлі заттарға таралады. Егер дұрыс қолданбаса, өрт тек бір ғана электржылытқыш қондырғысынан (үтік, шайнек, жылытқыш, т.б.) да пайда болуы мүмкін. Сондықтан желіге қосылған қондырғыларды қараусыз қалдыруға болмайды және олардың қарауын кішкентай балаларға тапсыруға болмайды. Қондырғыны жанғыш заттардың үстіне қоюға болмайды, сонымен қатар перделер, ағаш қалқа және т.б. оңай жанғыш заттардың қасында қосуға болмайды. Пештердің жөнделмегендігінен болатын өрттердің алдын алу. Пешті жағудың өрт қауіптілігі неде? Отынды жаққан кезде пештің ішіндегі температура 600-800 градусқа дейін жетеді, одан пеш қабырғалары және түтіндік қатты қызады. Егер ғимараттың ағаш бөлшектері (арқалық, қалқа, еден, төбе және басқа жанғыш құрылымдар мен материалдар) пештің қабырғаларына және түтіндікке тығыз тиіп тұрса, кірпішпен тиісті бөлу болмаған жағдайда - онда олар жануы мүмкін.

Қуаныш ЕСЕНБЕК,
Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері, азаматтық қорғау капитаны.

Үйлеріңізді өрттен сақтаңыздар!

Мұны барлығы білуі тиіс!
Өртті сөндіргеннен гөрі алдын алу жеңіл!
Білу керек!

-Тыныс органдарын сулы орамалмен жабу қажет.
-Уақытылы (жедел жәрдем келіп жеткенше) жасалған жасанды тыныс алдыру зардап шегушінің өмірін сақтап қалады.

-Жасанды тыныс алуды таза ауада жасау қажет.

-Төсекте жатып шылым шекпеңіз!

-Электр қыздырғыштарды желіге қосулы күйі қалдырмаңыз.

-Сыртқы өорғаушы қабығы зақымдалған электр сымдарын пайдаланбаңыз.

Апатқа қарсы бірігейік!
Өрт болғанда «101» нөміріне телефон соғыңыз.

Адамдарды сыртқа шығару жолдары:

-Баспалдақ бөлімшесі.

-Сыртқы өрт басқышы.

-Зәулім биік үйлердің балкондарындағы құтқару ұшалары.

-Балалардың отпен ойнауына жол бермеңіз

-Қолдан жасалған сақтан-

дырғышты қолданбаңыз
-Тұрмыста пайдаланатын химиялық заттарды отқа жақын ұстамаңыз.

-Пеш жаққан кезде жанғыш сыйықтықтарды қолданбаңыз
Өрттен сақтану ережесін бұлжытпай орындаңыз, сонда сіз өз үй-мүлкіңізді сақтап қаласыз, адам шығынының алдын аласыз.

ҮЙДЕГІ ГАЗ

Газды пайдалану ережесін біліңіз және қатаң сақтаңыз!

Жыл басынан бері, облыс аумағында тұрғындардың газ жылыту қондырғыларын пайдалану барысында қарапайым қауіпсіздік салдарын естен шығармау қажет. Мысалы Сайрам ауданында 2014 жылдың қаңтар айында газ баллон арқылы жылу бөлетін жылыту қондырғысын пайдалану барысында өртсіз газ иісіне уланып 7 адам қайтыс болған. Осындай келеңсіз жағдайлардың алдын алу мақсатында қарапайым мына төмендегі сақтық шараларын орындау қажет.

Газдың шығу себептері:

-Газ баллонды ауыстыру барысында арнайы газ тарату

мекемесінің маманы орнатып тексеріп беруі қажет.

-оттықтағы жалын су немесе жел тиген кезде өшеді, сондықтан ыдыстарды сумен толтырып қоюға болмайды;

-жалғанған жерлердегі механикалық бұзылулар мен ақаулардың салдарынан газ шығады;

-редуктордың жалғанған жеріндегі бұрамаларының берік болмауы газдың шығуына соқтырады.

Қауіпсіздікті сақтау мақсатында:

-газ құралдарындағы ақауларды өз бетіңізше жөндеуге тырыспаңыз;

-құралдардан ұшқын шығуы мүмкін;

Газдың шығуын тексеруге сабынды судың көбігін пайдаланыңыздар.

«Өрт тілсіз жау» сақтансаң сақтайды ағайын.

Мағжан ӨСКЕН,
Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері, азаматтық қорғау лейтенанты.

Өкінішке орай, қазіргі заманда нашақорлық туралы жиі еститін болдық. Бұл мәселемен қалай күресуге болады?

Бұл – қазіргі қоғамның ең өзекті проблемаларының бірі. Бүгінгі таңда, есірткіні ғаламтордан немесе түнгі клубтардан оңайшылықпен сатып алуға болады. Әдетте, алғашқы кезде сатушы есірткіні тегін ұсынады, ал тәуелділік пайда

сындағы түсінбеушілік, осы дертке әкелуі мүмкін. Жас балалар есірткінің көмегімен, жанұядағы проблемалардан және жағымсыз эмоциялардан арылғысы келеді. Депрессия, бақытсыздық, мазасыздық және өз күшіне сенбеушілік. Бұл белгілер өз-өзі төмен бағалайтын және басқаларды өзінен жоғары санайтын адамдарға тән. Олар ештеңеге

және өзіншіл адамға айналды. Бірте-бірте оның ойлау қабілеті төмендейді. Достарының сенімін жоғалтып, жақындарынан айырылады бастайды. Жанында тек өзі сияқты нашақорлар ғана қалады. Кезекті «дозаға» ақша табу үшін кез-келген әрекетке баруға дайын, тіпті адам өлтіруі де мүмкін. Зерттеулерге сәйкес, нашақорлардың жартысынан көбі – қылмыскерлер. Нашақор адамдардың туыстары, науқасты дәрі-дәрмектердің көмегімен емдеуге тырысады. Алайда, бұндай дәрілердің құрамында есірткі компоненттері болуы мүмкін. Бұл жағдайда ем сәтті аяқталмайды, өйткені, бір есірткі екіншімен ауыстырылады. Сондықтан, оларды үй жағдайында емдемей, арнайы емдеу мекемесіне апарған жөн. Наркологтар бұл ауруды емдеудің жаңа тиімді әдістерін іздеуде. Нашақорлықпен күресу – қиын және ұзақ процесс, оны жеңу үшін науқас және оның отбасы барлық күш-жігерін салуы керек.

Махсуда ҚОЖАМҚҰЛОВА,
Шу ауылдық округі әкімі
аппаратының кеңесші іс-
басқарушысы.

Нашақорлық-қоғам дерті

болған соң, көп ақша талап ете бастайды. Сондықтан, нашақорлар жаңа дозаға қол жеткізу үшін ұрлық немесе тонау сияқты қылмыстық әрекеттерге баруға мәжбүр болады. Нашақорлық жастардың есірткіге деген қызығушылығынан басталады. Іші пысқан немесе жаңа эмоция сезінгісі келген жасөспірім, бір рет дәмін татып көрген соң, бұл әсерді тағы да сезінгісі келеді. Осылайша, тәуелділік туындайды. Жақын адамдардың тарапынан махаббат пен жылулықтың болмауы және ата-ана мен бала ара-

қызығушылық танытпай, тұйық өмір сүреді. Ішкі ауруын басытын жолдарды іздеу барысында алкоголь, есірткі сияқты «көмекшілер» сахнаға шығады. Жүйке жүйесі, жүрек және бауыр қатты зардап шегеді. Ұзақ уақыт пайдалану ішкі ағзалардың жұмысын бұзады. Есірткіні қабылдауды тоқтатқаннан кейін депрессия, қатты шаршау және ұйқышылдық басталады. Ағзаны қалпына келтіру үшін уландырғыш затты қайтадан қолдану керек болады. Нашақордың өмірі түбегейлі өзгереді. Ол өтірікші, дөрекі, қатал

Құттықтау!

Тарқамасын әрдайым берекеңіз



Шолақорған ауылының тұрғыны, ардақты ана, асыл әже, аяулы жан **Орынбасарова Ұлмекен Мелдеханқызы** анамызды 24 желтоқсан күні болатын туған күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Өз бақытын, қуанышын өзі өмірге әкелген перзенттерінің қылығынан, қызығынан іздейтін аяулы Ана! Сізге әлемдегі бар жақсы тілекті үйіп-төксе те аз. Алла сізге ең алдымен мықты денсаулық берсін! Әрқашан жүзіңізден мейірім нышаны кетпей, айналаңызға нұрыңызды шашып, Аналық бақытқа кенеліп жүре беріңіз!

Құтты болсын бүгінгі мерекеңіз, Сіз бар кезде асқармен теңесеміз. Алшаң басып жүре бер арамызда, Тарқамасын әрдайым берекеңіз.

Ізгі ниетпен құттықтаушылар:
ұлы - Жеңіс, келіні - Нурила, немерелері - Райымбек, Әлібек, Дария.

Жеке және заңды тұлғалардың назарына!

Ауыл шаруашылық зиянкестерінен қорғанаық. Аудан көлеміндегі ауыл шаруашылық алқаптарда ауыл шаруашылық дақылдарының зиянкестері мен аурулары және арам өптер жылма-жыл егістік алқаптарда ауыл шаруашылық дақылдарына өзінің зиянды әсерін игізіп өнімнің саны мен сапасына зиянын тигізуде.

Негізгі аудан көлемінде тарған зиянды объектілерге: жергілікті саяқ шегіртке және шегіртке тектес зиянкестер, зиянды бақашық, мақсарының үлкен және кіші бізтұмығы, жоңышқа фитономусы, алма жеміс жемірі, парша, долана жұлдызқұрт, алма күйісі, оидиум, қара сұлы және басқа объектілер жатады.

Бұл зиянды объектілер жылда ауа-райының ыңғайына байланысты көбейіп, азайып тұрады. Көбейіп экономикалық зиянды шегірін асқан жылдары ауыл шаруашылық дақылдарына едәуір зиян келтіреді немесе толығымен өнімді жойып жібереді.

Жоғарыдағы жағдайлар егістік алқаптарда анықталған кезде, ҚР2022 жылғы 3 шілдедегі №331-11 ҚР «Өсімдіктерді қорғау уралы» Заңының 14-5 бабына сәйкес, қызметі объектілеріне байланысты жеке және заңды тұлғалар, яғни жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, өндірістік кооперативтер, шаруа қожалықтар фитосанитариялық мониторинг пен фитосанитариялық іс-шараларды жүргізуге және саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды организмдердің дамуы мен таралуына жол бермеуге міндетті, анықталған зиянды объектілерге қарсы химиялық өңдеу жұмыстарын өз есебінен жүргізуі керек. Өңдеу жұмыстарын жүргізген кезде пестицидтер (ұлы химикаттар) айналымы саласындағы техникалық регламенттерде белгіленген қауіпсіздік талаптарын сақтау керек. Қолданылған ұлы химикаттардың есебін фитосанитариялық есепке алуды жүргізуге және уәкілетті органға есептілігі табыс етуі қажет.

Бұл іс-шараларды жүргізбеген немесе уақытылы жүргізбеген жағдайда ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық Кодексінің 403 бабына сәйкес, жеке тұлғаларға-бес, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне-он, орта кәсіпкерлік, субъектілеріне-он бес, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Сондықтан, екен ауыл шаруашылық дақылдарының ысырабын болдырмай, мол және сапалы өнім алу үшін уақытылы зиянды объектілерге қарсы агротехникалық, химиялық өңдеу шараларын жүргізіп, өңдеу жұмыстарын жүргізген кезде арнайы қорғау құралдарын қолданып жүргізу керектігін, ұлы химикаттардың босаған ыдыстарды сатып алған мекемелерге немесе қазіргі уақытта Қостанай облысындағы арнайы ұлы химикаттардан босаған ыдыстарды залалсыздандыру орнына откізу қажет.

Ескерту: Химиялық өңдеу жұмыстарын жүргізген жағдайда техникалық қауіпсіздік шараларын сақтап, арнайы сақтану құралдарын қолдану керек.

А.УАЛИЕВ,
Созақ аудандық аумақтық инспекциясының
өсімдіктерді қорғау және карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы.

Сексеуіл алқабын өрттен қорғайық!

Ауданымыздағы табиғатты қорғау және күзету бағытында жұмыс жасайтын мекемелердің бірі – «Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі». Жергілікті табиғатымыздың флорасы мен фаунасын қорғау мен күзетуді жоғары қоятын бұл мекеме қызметкерлері бүгінгі күні тынбай еңбек етуде. Орманшы жігіттер жоспар бойынша тыңғылықты жұмыстар атқарып келеді. Жылда сексеуілді қорғау жұмыстарын үрдіске айналдырып алған мекеме жігіттері бұл науқан кезде әрдайым ұйымшылдық көрсетеді. Ешкім тиіспесе орманға айналатын шөлге шыдамды бұл ағаш түрі тек табиғаттың қолдауымен өсіп-өнеді және бұл өсімдіктің биіктігі 7 метрге дейін жетеді екен. Алайда бүгінгі күні бұл өсімдіктің қас жауы адамзат болып отыр. Сондықтан мемлекетіміз оны кесуге қатаң тыйым салса да, кейде базарлардан және кәуап пісіретін орындардан жиі көріп қаламыз. Сексеуілді жастайынан кесіп, машинасына толтырып тиіп алған бауқеспелердің талайы ұсталып, талайына айыппұл салынып, тиісті шаралар көріліп жатыр. Соған қарамастан бұл заңбұзушылардың әрекеттері азаймай отыр.

Дегенмен де сексеуілдің отаны аталатын біздің ауданымызда бүгінгі күні жас сексеуілдер табиғат пен жанашыр адамдардың көмегімен бой көтеріп қалғаны қуантады. Бойымызға жылу, табиғатымызға сән беретін сары сексеуілімізді әрбір адамзат қорғай білсек, отын қорымыз ұлғая беретіні сөзсіз.

Тоқтар ТӘЖІБЕКОВ,
орман қорықшысы.

Орманды алқапта, сексеуіл тепе-теңдікті сақтап, қатты соққан дауылды желден, көптеген апаттардан қорғап қалады. Қыстың қақаған аязды күндерінде жабайы аң – құстарға ықтасын пана болып, жейтін азық болатынын естен шығармайық. Сондықтан орманды алқаптардың құрып кетіп, жоғалуына жол бермей, көзін жоюдан аулақ болайық. Тойымсыздықпен, ашкөздіктен құртылған дүниенің орнына қайта келу көп жылдар еншісінде екені анық. Табиғат әсіресе, орманды жасыл желек адамзаттың бойына шаттық, көңіліне шабыт, сезіміне ерекше ләззат сыйлайтын ерекше сұлулық пен әдемілік әлемі. Табиғат – ананы жылатайық, керісінше сақтап қорғайық. Ол адамзат үшін ауадай қажет екендігін әрдайым естен шығармағанымыз жөн. Айналымыздағы орман тоғай, аң құс қашанда жер ананың сәнін беріп тұрады. Десекте адамдар тарапынан жіберіліп отырған олқылықтар ашкөздене жер байлығы сексеуілді есепсіз сындыру, аң құсты атып құрту сынды, табиғат байлықтарының өртке орануы адам қолынан жасалып отырған қылмыс демесе лажымыз жоқ. Себі кенеттен болған өрт, аң құсты қыру, сексеуіл қарабарқын сынды табиғат байлықтары болашағымызға жасалған қиянатымыз. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғаны барлығымызға белгілі. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап, ондағы өсіп-өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз.

Елбасы АРЫНОВ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман күзетші-қорықшысы.

Жергілікті табиғатымыздың флорасы мен фаунасын қорғау мен күзетуді жоғары қоятын бұл орман шаруашылығы мекеме қызметкерлері бүгінгі күні тынбай еңбек етуде. Әрине тұқым жинау жұмыстарының бәрі қолмен жасалады, сондықтан да болар былтырғы дәл осындай жерге өккен сексеуіл тұқымдары толық шыққан. Жылда тұқым жинау жұмыстарын үрдіске айналдырып алған мекеме жігіттері бұл науқан кезде әрдайым ұйымшылдық көрсетеді. Ешкім тиіспесе орманға айналатын шөлге шыдамды бұл ағаш түрі тек табиғаттың қолдауымен өсіп-өнеді және бұл өсімдіктің биіктігі 7 метрге дейін жетеді екен. Алайда бүгінгі күні бұл өсімдіктің қас жауы адамзат болып отыр. Сондықтан мемлекетіміз оны кесуге қатаң тыйым салса да, кейде базарлардан және кәуап пісіретін орындардан жиі көріп қаламыз. Сексеуілді жастайынан кесіп, машинасына толтырып тиіп алған бауқеспелердің талайы ұсталып, талайына айыппұл салынып, тиісті шаралар көріліп жатыр. Соған қарамастан бұл заңбұзушылардың әрекеттері азаймай отыр. Дегенмен де сексеуілдің отаны аталатын Қызылқұм мен Қарақұмда бүгінгі күні жас сексеуілдер табиғат пен жанашыр адамдардың көмегімен бой көтеріп қалғаны қуантады. Бойымызға жылу, табиғатымызға сән беретін сары сексеуілімізді әрбір адамзат қорғай білсек, отын қорымыз ұлғая беретіні сөзсіз.

Ерболат ОМАРБЕКОВ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман күзетші-қорықшысы.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан
БАКЫТЖАНОВИЧ

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек
Сайлаубекұлы
Жауапты хатшы
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы:

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайншы-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Теріміші-
Бағила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады

Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3600 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.